**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**БЕКІТІЛДІ**
**«Марат Оспанов атындағы**
**Батыс Қазақстан медицина**
**университеті» КеАҚ**
**Басқарма шешімімен**
**«26» 03. 2025 ж.**
**№ 12 хаттама**

# «МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БҚМУ» КЕАҚ «ӨЗ КӘСІБІНІҢ ҮЗДІГІ» ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ІШІЛІК КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ

## ЕРЕЖЕ

| Коды | Басылым | Құрастырған | Келісілді | Қолы | Күні |
|---|---|---|---|---|---|
| Е БҚМУ 04-30 | Бірінші | Туменбаева А.Б.<br>20.03.2025 ж. | Жиеналин Е.Ш. | | 25.03.2025. |
| | | | Абенова Н.А. | | 24.03.2025. |
| | | | Журабекова Г.А. | | 24.03.2025. |
| | | | Рпашева Г.Т. | | 21.03.2025. |
| | | | Кужаниязова Г.Б. | | 21.03.2025. |
| | | | Кожахметов Б.К. | | 20.03.2025. |

**Ақтөбе, 2025**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Ереже «Өз кәсібінің үздігі» атағын беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 44 бұйрығына, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру қағидаларын бекіту туралы»» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 16 наурыздағы №124 бұйрығына сәйкес әзірленді және «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ-да (бұдан әрі-Университет) конкурс өткізу тәртібін регламенттейтін нормаларды белгілеу және құжаттамалық бекіту мақсатында енгізіледі.

1.2 Осы Ереже «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ-да «Өз кәсібінің үздігі» атағын беруге арналған ЖОО ішілік конкурсты (бұдан әрі – Конкурс) өткізудің мақсаттарын, міндеттерін, шарттары мен тәртібін сипаттайды.

1.3 Университетте «Өз кәсібінің үздігі» атағына арналған конкурс медицина қызметкері күніне орайластырылған, оған үздік медицина жұмыскері, үздік денсаулық сақтау жұмыскері, Университеттің теориялық және клиникалық кафедраларының үздік оқытушылары қатысып, айқындалады.

## 2. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУДІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 **Конкурстың мақсаты:** профессор-оқытушылар құрамын (бұдан әрі – ПОҚ) және медициналық ұйымдардың мамандарын қоса алғанда, үздік мамандарды анықтау және көтермелеу, олардың ғылыми қызметін жандандыру, шығармашылық және кәсіби әлеуетін дамыту, ғылыми зерттеулердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы Университеттегі білім беру процесінің сапасын арттыру.

2.2 **Конкурстың міндеттері:**

- жоғары кәсіби құзыреттілікке ие және өз қызметінде елеулі нәтижелерге қол жеткізген Денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік жұмыс саласындағы үздік мамандарды анықтау және көтермелеу;
- инновациялық тәсілдерді, ғылыми зерттеулерді қолдау және практикалық қызметте заманауи технологияларды дамыту арқылы қатысушылардың кәсіби өсуі мен біліктілігін арттыруды ынталандыру;
- озық тәжірибені, тиімді әдістерді және прогрессивті басқару шешімдерін қолдану және тарату арқылы медициналық және білім беру қызметін жетілдіру;
- ғылыми жетістіктерді практикалық қызметке енгізу үшін жағдай жасау, сондай-ақ білім беру және медициналық мекемелердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- денсаулық сақтау, медициналық, педагогикалық және әлеуметтік жұмыс саласындағы кәсіптердің қоғамдық беделін және әлеуметтік танымалдылығын арттыру.

«Өз кәсібінің үздігі» байқауы келесі номинацияларды қамтиды:

- «Үздік дәрігер»;
- «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ үздік оқытушысы»;
- «Денсаулық сақтаудағы үздік әлеуметтік жұмыскер»;
- «Үздік мейіргер».

2.3. Бір медицина жұмыскеріне және/немесе Университеттің ПОҚ бір номинация шеңберінде атақ беруге бес жыл ішінде бір реттен жиі емес рұқсат етіледі.

2.4. Конкурсқа басқа номинацияда қатысуға конкурсқа алдыңғы қатысқаннан кейін кемінде үш жыл өткен соң жол беріледі.

## 3. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

3.1. Конкурсты өткізу үшін Университетте *Конкурстық комиссия* (бұдан әрі – Комиссия) және *сараптамалық топ* құрылады, олардың құрамы Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі және бір-бірімен сәйкес келмеуі тиіс.

3.2. Конкурсқа құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде бес жыл үздіксіз ғылыми-педагогикалық өтілі бар Университеттің ПОҚ (штаттық оқытушылар), сондай-ақ штаттық жұмыскерлер болып табылатын және конкурсқа қатысу үшін құжаттарды ұсыну сәтінде кемінде он жыл үздіксіз өтілі бар Университеттің медицина жұмыскерлері қатыса алады

3.3. Конкурстың барлық қатысушылары А, Ә қосымшаларына сәйкес өтінім мен портфолио ұсынады.

3.4. Конкурсқа ұсынылған құжаттар (АЖД, ҒЖД, стратегиялық даму бөлімінің, заң бөлімінің, Университеттің ПОҚ өкілдері, сондай-ақ МО және ОМК өкілдері) арасынан сараптамалық топ жүзеге асыратын сараптамадан өтеді.

3.5. Сараптамалық топ сапалық және сандық көрсеткіштерге сәйкес әрбір үміткер бойынша қорытынды береді.

3.6. Конкурсқа қатысушы дәйексіз немесе толық емес мәліметтерді ұсынған жағдайда, сараптамалық топ оны жазбаша негіздемесі бар қатысушылар тізімінен алып тастау туралы ұсынысты Комиссияға ұсынады.

3.7. Сараптамалық топ қорытындылары негізінде әрбір үміткер бойынша Б, В, қосымшаларында ұсынылған бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштерінің балдары есептеледі. Үміткерлердің рейтингі сапалық және сандық көрсеткіштердің балдарын саралаудың кему жүйесі бойынша кесте түрінде ресімделеді. Нәтижелер әрбір қатысушы мүшенің қолымен расталған сараптамалық топ хаттамасымен бекітіледі.

3.8. Сараптамалық топ хаттамасы кесте қосымшасымен бірге Комиссияның қарауына беріледі.

3.9. Комиссия құрамы жыл сайын Университеттің Басқарма төрағасы – Ректорының бұйрығымен бекітіледі, оның құрамына Комиссия төрағасы - Басқарма төрағасы-Ректор, комиссия мүшелері – оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор, клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор, атқарушы директор, кәсіподақ кеңесінің төрағасы, отбасылық медицина клиникасының бас дәрігері; отбасылық медицина клиникасы бас дәрігерінің орынбасары; медицина орталығының дәрігер үйлестірушісі; медицина орталығының бас мейіргері; заң бөлімінің жетекшісі және адами ресурстарды басқару департаментінің жетекшісі кіреді.

3.10. Комиссияның сандық құрамы 11 (он бір) адамды құрайды. Конкурстық комиссия өз қызметін осы Ережеде көзделген барлық бес номинация бойынша жүзеге асырады. Комиссия отырысы бекітілген құрамның кемінде 2/3 (үштен екісі) қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

3.11. Конкурстық комиссия конкурсты өткізу рәсімін, нақты мерзімдерін айқындайды, ұсынылған конкурстық құжаттамаға және сараптамалық топтың хаттамасына талдау жүргізеді, конкурс қорытындысы бойынша шешім шығарады.

3.12. Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:
- сараптамалық топ ұсынған деректерді зерделеу және талдау;
- конкурстың барлық қатысушылары үшін тең мүмкіндіктер беру;
- конкурсқа қатысушылар арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- конкурсты өткізудің объективтілігін, жариялылығын сақтау;
- конкурстың қорытындысын шығару.

3.13. «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ-да «Өз кәсібінің үздігі» атағын беру туралы комиссияның шешімі сараптама комиссиясының хаттамасы және жинаған балдарының нәтижелері негізінде қабылданады.

3.14. Егер «Өз кәсібінің үздігі» ЖОО ішілік конкурсының жеңімпазы республикалық конкурста көрсетілген номинациялар бойынша жеңіске жетсе, онда Университетте сыйлықақы төлеу жүзеге асырылмайды. Сыйлықақыны төлеу төмендегі рейтинг бойынша қатысушыға өтеді (яғни тізім бойынша екінші).

3.15. «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ үздік оқытушысы» номинациясы бойынша конкурс лауреаты үшін ақшалай сыйақы: жүлделі орын – 750 000 теңге.

3.16. «Үздік дәрігер» номинациясы бойынша конкурс лауреаты үшін ақшалай сыйақы - жүлделі орын – 750 000 теңге.

3.17. «Денсаулық сақтаудағы үздік әлеуметтік қызметкер» номинациясы бойынша конкурс лауреаты үшін ақшалай сыйақы - жүлделі орын -300 000 теңге.

3.18 «Үздік мейіргер» номинациясы бойынша конкурс лауреаты үшін ақшалай сыйақы - жүлделі орын – 300 000 теңге.

3.19 Конкурс жыл сайын ағымдағы жылдың 1 сәуірі мен 30 мамыры аралығында өткізіледі.

## 4 КОНКУРСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1. «Өз кәсібінің үздігі» конкурсына қатысуға А, Ә, Б, В, қосымшаларында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін өтінімді және құжаттардың толық пакетін ұсыну қажет.

4.2. Конкурсқа сапалық және сандық көрсеткіштерді саралаудың кему жүйесі бойынша рейтингте ең көп балл жинаған үміткерлер жіберіледі. Әрбір критерийге қорытынды рейтингті қалыптастыру үшін жинақталатын белгілі бір балл саны беріледі. Әрбір номинация үшін ең жоғары балл саны Б, В, қосымшаларына сәйкес критерийлер негізінде айқындалатын болады.

4.3. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

4.4. Университеттің конкурстық комиссиясына «Өз кәсібінің үздігі» конкурсына үміткерлер ағымдағы жылдың 02 мамырына дейін дербес электрондық поштаны көрсете отырып, қағаз және электрондық тасығышта құжаттар ұсынылады.

4.5. Үміткерлер конкурсқа ұсынылған құжаттардың дұрыстығына дербес жауапты болады.

## 5 КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

5.1. Конкурс қорытындысы Б, В, қосымшаларында көрсетілген индикатордың, балдың бағалауы бойынша қалыптастырылады.

5.2. Номинациялар бойынша «Өз кәсібінің үздігі» атағын беру туралы шешімді Комиссия конкурсанттардың жинаған балдарының саны негізінде қабылдайды. Екі және одан да көп конкурсанттардың балдары тең болған кезде отырысқа қатысушы Комиссия мүшелері арасында дауыс беру өткізіледі. Шешім қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады, бұл ретте Комиссия конкурсанттар ұсынған құжаттардың мазмұнын, маңыздылығын және талдау нәтижелерін ескереді. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып саналады. Конкурс қорытындылары мен Комиссия шешімдері хаттамамен ресімделеді.

5.3. Конкурс қорытындылары конкурс қорытындысы шығарылғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында, сайтта, Университеттің ресми әлеуметтік желілерінде жарияланады.

5.4. «Өз кәсібінің үздігі» конкурсының қорытындылары бойынша Комиссияның шешімімен келіспеген үміткерлердің конкурс қорытындылары ресми жарияланған күні сағат 9.00-18.00 аралығында персоналды дамыту бөліміне апелляцияға өтініш беруге құқығы бар.

Университеттің Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітілген апелляциялық комиссия апелляцияға өтініш келіп түскен сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынылған материалдарды қарайды және апелляция бойынша шешім шығарады. Апелляцияны қарау нәтижелері хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның шешімі шешім қабылданған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде университеттің ресми сайтында жариялануға тиіс.

5.5. Жеңімпаздар дипломдармен және ақшалай сыйақылармен марапатталады.

5.6. Марапаттауды Университет басшылығы медицина қызметкері күні қарсаңында салтанатты түрде жүргізеді.

## 6. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

6.1. Конкурс жеңімпаздарын ұйымдастыруға, өткізуге және марапаттауға арналған шығындар Университеттің жеке бюджеттен тыс қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

**А қосымшасы**

### БАРЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАР ҮШІН НОМИНАЦИЯЛАР БОЙЫНША АТАҚ БЕРУГЕ АРНАЛҒАН «ӨЗ КӘСІБІНІҢ ҮЗДІГІ» КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ

**«Үздік _______________________________________________________________» номинациясы.**

Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын. Өзім туралы келесі мәліметтерді хабарлаймын:
1. Жұмыс орны (қысқартусыз).
2. Туған күні, айы, жылы.
3. Лауазымы (қысқартуларсыз).
4. Жалпы жұмыс өтілі.
5. Тәжірибелік жұмыстың үздіксіз өтілі.
6. Білімі (қай оқу орнын, факультетті, қай жылы бітірді).
7. Ғылыми дәрежесі/атағы.
8. Индексті көрсете отырып үй мекенжайы.
9. Жеке куәлік деректері (нөмірі, қашан және кім берді, жеке сәйкестендіру нөмірі).
10. Байланыс телефоны (үй, ұялы).
11. Марапаттар, көтермелеулер .

Дербес деректерді өңдеуге келісемін.
Осы өтініште көрсетілген барлық деректер шындыққа сәйкес келеді, оларды беру үшін мен дербес жауаптымын.
Қосымша: конкурсқа қатысуға арналған құжаттар _____ парақта, оның ішінде қосымшалар _____ парақта.

Конкурсқа қатысушы ______________________________________________

(Т.А.Ә., (бар болған жағдайда), қолы)

Толтырған күні 20__ жылғы «__» ______

Н Е БҚМУ 04-30-01-2025. Барлық қатысушылар үшін номинациялар бойынша атақ беруге арналған «Өз кәсібінің үздігі» конкурсына қатысуға өтінім. Бірінші басылым.

**Ә қосымшасы**

**БАРЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАР ҮШІН НОМИНАЦИЯЛАР БОЙЫНША АТАҚ БЕРУГЕ АРНАЛҒАН «ӨЗ КӘСІБІНІҢ ҮЗДІГІ» КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУШЫНЫҢ ПОРТФОЛИОСЫ**

**«Үздік ______________________________________________________» номинациясы.**

1. Конкурсқа қатысушы туралы жалпы мәліметтер:
   - міндетті түрде 3х4 см көлеміндегі фотосуретпен Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болған жағдайда).
   - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
   - жұмыс орны бойынша куәландырылған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ;
   - карточкалық базадағы қолданыстағы 20 таңбалы ағымдағы шот туралы хабарлама;
   - еңбек өтілі (еңбек және/немесе педагогикалық);
   - білімі (білімін растайтын құжаттардың көшірмелері);
   - медициналық ұйымның/білім беру ұйымының басшылары куәландырған конкурсқа қатысушыға ұсыным (бар болған жағдайды) немесе өзге де ұсынымдар (міндетті түрде);
   - біліктілікті арттыру (соңғы 5 (бес) жылдағы сертификаттардың көшірмелері);
   - наградалар (грамоталардың, мақтау қағаздарының, алғыс хаттардың, төсбелгі куәліктерінің, үкіметтік және мемлекеттік наградалардың көшірмелері);
   - медицина және фармацевтика жұмыскерлерін/оқытушыларын тану (әкімшіліктің, әріптестердің, жұртшылықтың, пациенттердің, білім алушылардың, әлеуметтік әріптестердің, ғылыми қоғам өкілдерінің пікірлері, алғыс хаттар, грамоталар, халықаралық деңгейдегі дипломдар); қоғамдастыққа әсер ету (бұқаралық ақпарат құралдарында тану, үкіметтік емес және қайырымдылық ұйымдарына мүшелік); халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық;
   - денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты.
2. Жұмыс беруші растаған соңғы 3 (үш) жылдағы Медициналық және фармацевтикалық жетістіктер мониторингінің нәтижелері (бар болған жағдайда).
3. Ғылыми-педагогикалық қызмет бойынша ақпарат:
   - педагогикалық тәжірибені жалпылау (авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер, оларға хаттамалар үзінділері (бар болған жағдайда), семинарлар, конкурстар, дөңгелек үстелдер, оқытушы қатысқан фестивальдар, озық педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату);
   - зерттеу қызметі (ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша мақалалар жариялау, шығармашылық есептер, ғылыми-практикалық конференцияларда сөз сөйлеу туралы мәліметтер);
   - білім беру және педагогикалық жобаларды іске асыру жөніндегі материалдар (бар болған жағдайда);
4. Келесі қызметтер бойынша ақпарат:
   - сараптамалық қызмет,
   - ТВ (телевизиялық) сабақтарды түсіруге қатысу (сертификаттар, анықтамалар немесе бұйрықтар, сараптамалық және жұмыс топтарына қатысуды растайтын ТВ (телевизиялық) сабаққа сілтеме, ТВ (телевизиялық) сабақтарды түсіруге қатысу;
   - волонтерлік қызмет, соңғы 3 (үш) жылдағы қайырымдылық іс-шараларға қатысу (ақпаратты web (веб) – ресурстарда және әлеуметтік желілерде тұрақты орналастыру-Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесінде растайтын құжаттарды (материалдарды), сілтемелерді бекіту.

Н Е БҚМУ 04-30-02-2025. Барлық қатысушылар үшін номинациялар бойынша атақ беруге арналған «Өз кәсібінің үздігі» конкурсына қатысушының портфолиосы. Бірінші басылым.

**Б қосымшасы**

**«ҮЗДІК ДӘРІГЕР», «ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДАҒЫ ҮЗДІК ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР», «ҮЗДІК МЕЙІРГЕР» НОМИНАЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША АТАҚ БЕРУГЕ ҚАТЫСУШЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУДЫҢ САПАЛЫҚ ЖӘНЕ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

_______________________________________________ номинациясы

Конкурсант _______________________________________________

Т.А.Ә. (бар болған жағдайда

Конкурсанттың лауазымы _______________________________________________

Медициналық ұйымның атауы _______________________________________________

| № | Критерий | Индикаторлар | Индикатордың бағасы, балл | Конкурсанттың балы | Конкурсанттың көрсетілген индикаторға сәйкестігі туралы ақпарат [1] |
|---|---|---|---|---|---|
| 1.1 | 1.Жалпы кәсіби деңгей (max 12) | Мамандық бойынша практикалық дағдыларды меңгеру дәрежесі | 5 - толық көлемде меңгерген<br>3 - жеткілікті меңгерген<br>1 - жеткіліксіз меңгерген | | |
| 1.2 | | Жұмыста жаңа технологияларды қолдану және медицина ғылымының жетістіктері | 5 - үнемі пайдаланады<br>3-жеткіліксіз пайдаланады<br>0-пайдаланбайды | | |
| 1.3 | | 5 жылда 1 рет міндетті біліктіліктен басқа біліктілікті арттыру | 1 - 1 және одан көп рет<br>0 - көтермеген | | |
| 1.4 | | Кәсіби өсуге ұмтылу | 1 – конференцияларға, семинарларға қатысу, медициналық қауымдастыққа, қоғамдарға мүшелік және т. б.<br>0 - қызығушылығы жоқ | | |
| 1.5 | | Қоғамдық және әлеуметтік жұмысқа | 3 – белсенді қатысады | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қатысу дәрежесі | 2 – қызығушылық танытады<br>0 –қатыспайды | | |
| | | Нормативтік-құқықтық актіні әзірлеуге қатысу дәрежесі | 3 – белсенді қатысады<br>2 – қызығушылық танытады<br>0 –қатыспайды | | |
| 2.1 | 2.Әлеуметтік дағдылар (max 11) | Тәлімгерлік | 5 – екі және одан да көп жас мамандардың ресми тәлімгері<br>2 – жас мамандарға көмектеседі<br>0 – қатыспайды | | |
| 2.2 | | Пациенттерден алынған пікірлер | 3 – пациенттер бұқаралық ақпарат құралдарында ризашылықтарын білдіреді<br>2 – пациенттердің жазбаша пікірлері бар<br>0 –жоқ | | |
| 2.3 | | Арнайы медициналық басылымдарда жарияланған мақалалар | 3 – 3 және одан көп<br>2 – 2 мақала<br>0 – жарияланымдар жоқ | | |
| 3.1 | 3.Жеке қасиеттер (max 13) | Дербес компьютерді пайдалану мүмкіндігі | 5 – жұмыста ағылшын тілінде электрондық кітапхананы пайдаланады, кәсіби медициналық вебинарларға қатысады<br>2 – жұмыста интернетті, электрондық поштаны және т. б. пайдаланады.<br>1 – пайдаланушы<br>0 – меңгермеген | | |
| 3.2 | | Наградалардың болуы (алғыс хаттар, грамоталар, мемлекеттік | 5 – 3 және одан көп<br>3 – 2 награда<br>0 –жоқ | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | наградалар және басқалар) | | | |
| 3.3 | | Шет тілін білу | 3 – жеткілікті меңгерген<br>2 – сөйлесу деңгейі<br>0 – меңгермеген | | |

[1] осы бағанда конкурсанттың әрбір индикатор бойынша нақты бағаға сәйкестігін растайтын толық және егжей-тегжейлі мәліметтер көрсетіледі

**Жалпы балл саны _____**

Н Е БҚМУ 04-30-03-2025. «Үздік дәрігер», «Денсаулық сақтаудағы үздік әлеуметтік қызметкер», «Үздік мейіргер» номинациялары бойынша атақ беруге қатысушының жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштері. Бірінші басылым.

**В қосымшасы**

**«М.ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БҚМУ» КЕАҚ ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ» НОМИНАЦИЯ БОЙЫНША АТАҚ БЕРУГЕ АРНАЛҒАН КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУДЫҢ САПАЛЫҚ ЖӘНЕ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

Конкурсқа қатысушының Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) ______________________________

Конкурсанттың лауазымы __________________________________________________

| № | Көрсеткіштер | Баллдар |
|---|---|---|
| | **I БЛОК – Оқыту сапасы** | ≤ 100 |
| **1.** | **Ғылыми дәрежесінің, PhD немесе бейіні бойынша доктор дәрежесінің болуы** | ≤ 2 |
| 1.1 | Иә | 2 |
| 1.2 | Жоқ | 0 |
| **2** | **ҚР БҒМ берген ғылыми атағының болуы (бір тармақшаны таңдау)** | ≤ 3 |
| 2.1 | Профессорлар | 3 |
| 2.2 | Қауымдастырылған профессор | 1 |
| **3.** | **Оқыту сапасы** | ≤ 5 |
| 3.1 | «Оқытушы студенттер көзімен» тәуелсіз сауалнаманың соңғы жылдағы орташа 10 балдық шкала бойынша нәтижесі (бір тармақшаны таңдау) | ≤ 5 |
| 3.1.1 | 7,1-ден 10,0-ге дейін | 5 |
| 3.1.2 | 5,0-ден 7,0-ге дейін | 2 |
| **4** | **Разработка и публикация электронных учебных ресурсов (не более трех)** | ≤ 30 |
| 4.1 | Bilim Land, Қазақстанның ұлттық ашық білім беру платформасы (open.kaznu.kz), «Ашық университет» платформасы( open.kz) ұлттық платформалары базасында жаппай ашық онлайн курсы | 20 |
| 4.2 | Coursera, EdX, Udacity, FutureLearn халықаралық платформалары базасында жаппай ашық онлайн курсы | 30 |

| | | |
|---|---|---|
| 4.3 | ЖОО-ның ресми платформасы базасында дәріс курсы (10-нан кем емес) | 5 |
| 4.4 | ЖОО-ның ресми платформасы базасында бейнесабақ курсы (дәрістен басқа 10-нан кем емес) | 5 |
| **5** | **Оқу материалдарын әзірлеу (үштен артық емес)** | ≤ 20 |
| 5.1 | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған оқулық | 10 |
| 5.2 | ЖОО Ғылыми кеңесі ұсынған оқулық | 3 |
| 5.3 | ҚР БҒМ Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған оқу құралы | 2 |
| 5.4 | Жоғары оқу орнының Ғылыми кеңесі ұсынған оқу құралы | 2 |
| 5.5 | Авторлық құқығын уәкілетті орган растаған электрондық оқулық және/немесе электрондық оқу құралы: (конкурсқа ұсынылған баспа басылымдарының тақырыбын қайталамайтын) | 3 |
| **6** | **Бейін бойынша кәсіби және педагогикалық біліктілікті арттыру (екіден артық емес)** | ≤ 10 |
| 6.1 | Бейіні бойынша ұзақтығы кемінде 1 ай шетелдегі ғылыми тағылымдама | 5 |
| 6.2 | Coursera, EdX, Udacity, FutureLearn платформалары негізінде соңғы үш жылдағы кәсіби қызмет бойынша шет тіліндегі жаппай ашық онлайн курстар платформасы негізіндегі курс бойынша табысты оқу туралы сертификат | 5 |
| **7** | **Соңғы екі жылда шет тілін меңгергенін растайтын Сертификат (бір тармақты таңдау)** | ≤ 10 |
| 7.1 | TOEFL PBT 640-677 | 10 |
| 7.2 | TOEFL PBT 590-637 | 8 |
| 7.3 | TOEFL PBT 550-587 | 6 |
| 7.4 | TOEFL PBT 513-547 | 4 |
| 7.5 | TOEFL PBT 477-510 | 2 |
| 7.6 | TOEFL CBT 273-300 | 10 |
| 7.7 | TOEFL CBT 243-270 | 8 |
| 7.8 | TOEFL CBT 213-240 | 6 |
| 7.9 | TOEFL CBT 183-210 | 4 |
| 7.10 | TOEFL CBT 153-180 | 2 |
| 7.11 | TOEFL IBT 111-120 | 10 |
| 7.12 | TOEFL IBT 96-110 | 8 |
| 7.13 | TOEFL IBT 79-95 | 6 |
| 7.14 | TOEFL IBT 65-78 | 4 |
| 7.15 | TOEFL IBT 53-64 | 2 |
| 7.16 | IELTS 8-9 | 10 |
| 7.17 | IELTS 7.5-8 | 9 |
| 7.18 | IELTS 6.5-7 | 8 |
| 7.19 | IELTS 5.5-6 | 6 |
| 7.20 | IELTS 4.5-5 | 4 |
| 7.21 | IELTS 4 | 2 |
| **8** | **Подготовка выдающихся кадров в бакалавриате и магистратуре (не более двух)** | ≤ 10 |
| 8.1 | Үміткердің жетекшілігімен студенттердің ғылыми-зерттеу және шығармашылық жұмыстарының халықаралық және республикалық деңгейде конкурс жеңімпазын дайындау (дипломның, грамотаның көшірмесін ұсыну) | 5 |
| 8.2 | Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index және Arts and Humanities Citation Index Web of Science базасына кіретін халықаралық журналда мақала жариялаған немесе дайындық бейіні | 5 |

| | | |
|---|---|---|
| | бойынша үміткердің басшылығымен Scopus 25 және одан жоғары базасы бойынша CiteScore процентилімен мақала жариялаған Студент (DOI/URL және мақаланың бедерін көрсету) | |
| **9** | **Ғылыми-зерттеу кадрларын даярлау** | ≤ 10 |
| 9.1 | Соңғы 3 жылда философия докторын (PhD) даярлау (әрбір философия докторы үшін 5 балл) | ≤ 10 |
| 9.1.1 | Иә | 5 |
| 9.1.2 | Жоқ | 0 |
| | **II БЛОК – Ғылыми-зерттеу қызметі** | ≤ 100 |
| **10** | **Жобалар мен бағдарламаларға басшылық жасау (екіден артық емес):** | ≤ 10 |
| 10.1 | Гранттық қаржыландыру жобасымен | 5 |
| 10.2 | Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде | 10 |
| 10.3 | Коммерцияландыру жобасымен | 8 |
| **11** | **Ғылыми жарияланымдар (үштен артық емес, n-жарияланым авторларының саны):** | ≤ 60 |
| 11.1 | Web of Science дерекқорының бірінші квартиліне (Q1) кіретін журналдағы мақала немесе шолу: | |
| 11.1.1 | Жалғыз автор | 25 |
| 11.1.2 | Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі | 20 |
| 11.1.3 | Бірлескен автор | 40/n |
| 11.2 | Web of Science дерекқорының екінші квартиліне (Q2) кіретін журналдағы мақала: | |
| 11.2.1 | Жалғыз автор | 15 |
| 11.2.2 | Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі | 12 |
| 11.2.3 | Бірлескен автор | 20/n |
| 11.3 | Web of Science дерекқорының үшінші квартиліне (Q3) кіретін журналдағы мақала: | |
| 11.3.1 | Жалғыз автор | 10 |
| 11.3.2 | Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі | 8 |
| 11.3.3 | Бірлескен автор | 15/n |
| 11.4 | Web of Science дерекқорының төртінші квартиліне (Q4) кіретін журналдағы мақала: | |
| 11.4.1 | Жалғыз автор | 5 |
| 11.4.2 | Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі | 4 |
| 11.4.3 | Бірлескен автор | 8/n |
| 11.5 | Arts and Humanities Citation Index дерекқорымен индекстелген журналдағы мақала немесе шолу: | |
| 11.5.1 | Жалғыз автор | 15 |
| 11.5.2 | Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі | 12 |
| 11.5.3 | Бірлескен автор | 20/n |

| | | |
|---|---|---|
| 11.6 | Emerging Sources Citation Index немесе Russian Science Citation Index Web of Science дерекқорында индекстелген журналдағы мақала: | |
| 11.6.1 | Жалғыз автор | 3 |
| 11.6.2 | Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі | 2 |
| 11.6.3 | Бірлескен автор | 4/n |
| 11.7 | Web of Scince деректер базасында импакт-факторы жоқ, бірақ Scopus базасында Citescore бойынша 25% - дан кем процентилі бар журналдағы мақала: | |
| 11.7.1 | Жалғыз автор | 3 |
| 11.7.2 | Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі | 2 |
| 11.7.3 | Бірлескен автор | 4/n |
| 11.8 | Scopus базасында citescore бойынша процентиль бар журналдағы мақала 25-тен 49-ға дейін: | |
| 11.8.1 | Жалғыз автор | 4 |
| 11.8.2 | Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі | 3 |
| 11.8.3 | Бірлескен автор | 6/n |
| 11.9 | Scopus базасында citescore бойынша процентиль бар журналдағы мақала 50-ден 74-ке дейін: | |
| 11.9.1 | Жалғыз автор | 6 |
| 11.9.2 | Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі | 4 |
| 11.9.3 | Бірлескен автор | 8/n |
| 11.10 | Scopus 75 және одан да көп базасында citescore бойынша процентилі бар журналдағы мақала | |
| 11.10.1 | Жалғыз автор | 10 |
| 11.10.2 | Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі | 8 |
| 11.10.3 | Бірлескен автор | 15/n |
| 11.11 | Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдағы мақала | |
| 11.11.1 | Жалғыз автор | 2 |
| 11.11.2 | Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі | 1,5 |
| 11.11.3 | Бірлескен автор | 3/n |
| 11.13 | Web of Science немесе Scopus базасындағы дәйексөздер саны бойынша Топ 10% - ға кіретін мақала (дәйексөз санының объективтілігіне күмән болған жағдайда, балл берілмейді) | |
| 11.13. | Жалғыз автор | 30 |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | | |
| 11.13.2 | Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі | 24 |
| 11.13.3 | Бірлескен автор | 45/n |
| 11.14 | Science, Nature-дегі мақала немесе Web of Science базасындағы дәйексөздер саны бойынша Топ 1% - ға кіретін мақала (дәйексөздер санының объективтілігіне күмән болған жағдайда, балл берілмейді) | |
| 11.14.1 | Жалғыз автор | 50 |
| 11.14.2 | Хат-хабарларға арналған Автор, бірінші автор немесе нөмірі мақалада бірінші көрсетілген жоба жетекшісі | 40 |
| 11.14.3 | Бірлескен автор | 80/n |
| 11.15 | Elsevier, Brill, CRC Press, DeGruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications, Springer Nature, Taylor and Francis, Wolters Kluwer, Cambridge University Press, Columbia University Press, Cornell University Press, Harvard University Press, MIT Press, Oxford University Press, Princeton University Press, Stanford University Press, University of California Press, University of Chicago Press, University of Michigan Press, Yale University Press или издательством ВУЗа входящего в топ-100 международного рейтинга Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education World University Rankings или US News Best Global Universities Rankings баспаларынан шыққан монография | 30/n |
| 11.16 | Elsevier, Brill, CRC Press, DeGruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications, Springer Nature, Taylor and Francis, Wolters Kluwer, Cambridge University Press, Columbia University Press, Cornell University Press, Harvard University Press, MIT Press, Oxford University Press, Princeton University Press, Stanford University Press, University of California Press, University of Chicago Press, University of Michigan Press, Yale University Press или издательством ВУЗа входящего в топ-100 международного рейтинга Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education World University Rankings или US News Best Global Universities Rankings баспалары жариялаған монографиядағы тарау | 15/n |
| 11.17 | Басқа баспа шығарған (Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education World University Rankings немесе US News Best Global Universities Rankings халықаралық рейтингінің Топ-200 құрамына кіретін университеттерден екі ғылым докторының, профессор ғылыми атағының және (немесе) штаттық профессорларының рецензиялары болған жағдайда) және гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде дайындалған, таралымы 500 данадан кем емес монография | 5/n |
| **12** | **Артықшылықтары мақалада дәлелденген өнертабысқа патенттің болуы:** | ≤ 25 |
| 12.1 | Q1 Web of Science журналында | 25 |
| 12.2 | Q2 Web of Science журналында | 15 |
| 12.3 | Q3 Web of Science журналында | 10 |
| **13** | **Халықаралық ынтымақтастық** | ≤ 5 |
| 13.1 | Q1-Q3 Web of Science немесе Arts and Humanities Citation Index журналында, не соңғы 3 жылда Scopus деректер базасында CiteScore 50 және одан да көп процентильмен, әлемдік Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education World University Rankings или US News Best Global Universities Rankings жоғары оқу орындарының халықаралық академиялық рейтингісінің үздік 500 қатарына кіретін шетелдік университеттің профессорымен бірлесіп дайындалған кем дегенде бір мақаланың болуы | ≤ 5 |
| 13.1.1 | Иә | 5 |

| | | |
|---|---|---|
| 13.1.2 | Жоқ | 0 |

**Жалпы балл саны _____**

**Ескертпелер:**

1. 1, 3.1, 9.1 және 13 тармақтағы көрсеткіштер бойынша үміткер мәліметтердің бар екенін таңдайды және Иә деген жауап таңдалған әр позиция бойынша растайтын құжаттарды ұсынады. 1 көрсеткіш бойынша диплом тіркеледі, 3.1. көрсеткіш бойынша – университеттен растау, 9.1. көрсеткіш бойынша – дайындаған студентінің философия докторы (PhD) дипломы, қорғау және диссертация туралы хабарламаның URL- сілтемелері, 13 көрсеткіш бойынша - DOI немесе Accession Number (Web of Science), немесе EID (Scopus).

2. 2, 7 және 12 көрсеткіштер бойынша үміткер көрсетілген нұсқалардың біреуінен артық емесін таңдайды және әрбір позиция бойынша растайтан құжаттарды тіркейді. 2 көрсеткіш бойынша ғылыми атағы туралы диплом, 7 көрсеткіш бойынша – сертификат, 12 көрсеткіш бойынша – патент, патенттелген өнертабыстың артықшылықтары дәлелденген мақаланың DOI и PDF файлдары ұсынылады.

3. 4 көрсеткіш бойынша үміткер үштен көп емес әзірленген және /немесе өткізілген сабақтарын таңдайды және әрқайсысы үшін URL- сілтемесін ұсынады. Сонымен қатар сабақтың әр түрі бірнеше рет таңдалуы мүмкін.

4. 5 көрсеткіш бойынша үміткер үштен артық емес әзірленген оқу материалдарын таңдайды және олардың әрқайсысы бойынша растайтын құжаттарды ұсынады. Сонымен қатар оқу материалының әрбір түрі бірнеше рет таңдалуы мүмкін.

5. 6 көрсеткіш бойынша үміткер кәсіби және педагогикалық біліктілігін арттыру бойынша екіден артық емес іс-шараны таңдайды және растайтын құжаттарды ұсынады. Сонымен қатар іс-шараның әр түрі бірнеше рет таңдалуы мүмкін.

6. 8 көрсеткіш бойынша үміткер бакалавриат пен магистратурада көрнекті кадрларды даярлаудың екіден артық емес фактісін таңдайды және растайтын құжаттарды ұсынады (дипломдардың, грамоталардың, DOI/URL мақалалардың көшірмелері, басшылықтың растауы). Сонымен қатар дайындықтың әр түрі бірнеше рет таңдалуы мүмкін.

7. 10 көрсеткіш бойынша үміткер екіден көп емес жобаны және /немесе бағдарламаны таңдайды және олардың номерлерін (ЖТН) көрсетеді.

8. 11 көрсеткіш бойынша үміткер таңдалған ғылым саласы бойынша ең жоғары ұпайларды беретін үш нәтиженің қорытындысын көрсетеді (n - авторлар санын ескере отырып). Халықаралық журналдардағы мақалалар үшін DOI немесе Accission Number (Web of Science) немесе EID (Scopus) көрсетіледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдардағы жарияланымдар үшін олардың DOI немесе URL (бар болған жағдайда) көрсетіледі. Монографиялар мен ондағы тараулар үшін барлық деректер көрсетіледі, соның ішінде ISBN, DOI және URL (бар болған жағдайда), сонымен қатар растайтын скриншоттар немесе бейнежазбалар ұсынылады. Жоба жетекшісі ретіндегі мақалаларға жетекшілікті растау құжаттары қоса ұсынылады. Дәйексөздер саны бойынша Топ 1 және Топ 10% - ға кіретін мақалалар, егер олар алғаш жарияланғаннан кейін (күнін көрсету қажет) кемінде 1 жыл өткен жағдайда ғана ескеріледі.

## «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ үздік оқытушысы» номинациясы бойынша жұмыстардың жылдық жоспар-кестесі

| № | Жұмыс түрлерінің атауы | Өлшем бірлігі | Көрсетілген жұмыс түрін іске асыру үшін негіздеме (болжамды атауын көрсете отырып) | Іске асыру мерзімі | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | басталуы | аяқталуы |
| 1. Оқу-әдістемелік жұмыс | | | | | |
| 1. | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқулықты | Таралымы 500 данадан кем емес | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әзірлеу, қатысу және басып шығару/ ағылшын тілінде | | | | |
| 2. | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған оқу құралын әзірлеу, қатысу және басып шығару/ ағылшын тілінде | Кемінде 300 дана тиражбен | | | |
| 2. Ғылыми-зерттеу жұмысы | | | | | |
| 3. | Монографияны әзірлеу, қатысу және басып шығару/ағылшын тілінде | Таралымы 500 данадан кем емес | | | |
| 4. | Ғылыми зерттеулерді орындау, оның ішінде халықаралық, республикалық жобалар, шарттық жұмыстар** | 1 жоба | | | |
| 5. | Томсон Рейтер (Web of Science,Thomson Reuters) ақпараттық компаниясының деректер базасында нөлдік емес импакт-факторы бар басылымдарда / Scopus, Pubmed, zbMath, MathScinet, Agris, Georef, Astrophysical journal деректер базасында мақалалар жазу және жариялау | 1 мақала | | | |
| 6. | Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізбесіне енгізілген басылымдарда жазу және жарияланым | 1 мақала | | | |
| 7. | Шетелдік конференцияларға қатысу және материал жариялау | 1 қатысу/1 жарияланым | | | |
| 8. | Қазақстан Республикасының аумағындағы конференцияларға, симпозиумдарға, семинарларға қатысу және материал жариялау | 1 қатысу/1 жарияланым | | | |
| 9. | Патенттер және алдын ала патенттерді, авторлық өнертабыстарды, зияткерлік меншік объектілерін алу | 1 бірлік | | | |
| 3. Біліктілікті арттыру* | | | | | |
| 10. | Бейін бойынша кәсіби және педагогикалық біліктілікті арттыру | 72 сағаттан кем емес | | | |
| 4. Шетелдік тағылымдама* | | | | | |
| 11. | Ағымдағы жылы QS World University Rankings нәтижелері бойынша TOP-500-ге енетін шетелдің жетекші жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өту | Кемінде 14 күнтізбелік күн мерзімге | | | |
| 12. | Шетелдің жетекші ғылыми орталықтары мен зертханаларында тағылымдамадан өту | Кемінде 14 күнтізбелік күн мерзімге | | | |
| 5. Тәрбие жұмысы | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 13. | Білім алушыларды адамагершілік-отансүйгіштік және дене тәрбиесі тұрғысынан қамтамасыз ететін кешенді іс-шараларды іске асыру | | | | |
| **Конкурсқа қатысушы** ____________________________________________ | | | | | |

Ескертпе:

Жылдық жоспар-кесетсінде көзделген Конкурсқа қатысушының жұмыс түрлері Г қосымшасына сәйкес құжаттарды тапсырғаннан кейін үміткермен жеке толтырылады.

* - тармақшалардың біреуі міндетті болып табылады;

** - тармақшаны жоспарлау міндетті болып табылады, бұл ретте ғылыми әдебиеттерді және зерттеулер бейіні бойынша мерзімді басылымдарды сатып алуға рұқсат беріледі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 мамырдағы № 384 қаулысы).

**Н Е БҚМУ 04-30-04-2025. «Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАҚ үздік оқытушысы» номинация бойынша атақ беруге арналған конкурсқа қатысушының жұмысын бағалаудың сапалық және сандық көрсеткіштері. Бірінші басылым.**

**Г қосымшасы**
(міндетті)

Н ПРО БҚМУ 401-02-2024

## ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

| № | Күні | Енгізілген өзгеріс және / немесе толықтыру | | Өзгерістерді жүзеге асыратын тұлға | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бөлім, тармақ | мазмұны | ТАӘ | қолы |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

**Ғ қосымшасы**
(міндетті)

Н ПРО БҚМУ 401-03-2024

**ТАНЫСУ ПАРАҒЫ**

| № | Т.А.Ә., лауазымы | Жеке қолы | Күні | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |